

№ 38 қазақ орта мектебі

«Баланы жастаң..»

(Тренинг сабағы)

Өткізген: Өтеген Г.А.

2023-2024 оқу жылы

Бекетімді: Ата-ана

«Баланы жастан...» тренинг сабағы

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!

Бүгінгі «Баланы жастан...» атты тренинг сабағымызға қош келіпсіздер!

Жас адамды саналы, есті, мәдениетті, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. «Ес түзелмей ел түзелмейді». Олай болса егемен еліміздің болашағы отбасында тал бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Баланы жастан бақпасан,

Жамандықтан қақпасан,

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек, -дегендей, баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл- ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз –ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші –ата-ана.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың қас жауы» демекші, ата-аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату- кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз.

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты -Ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген сезімді нығайту, баланың дамуына теріс ықпал ететін жолдардың алдын-алу, бала тәрбиелеу сапасының жоғарылауына ықпал ету және балалардың жанұяның мақтанышы болуға, ел азаматы болып өсуге тәрбиелеуге жағдай жасау.

Ата анаға кеңестер:

Оқушылар өтпелі кезеңде болғандықтан олармен жеке жұмыстар жасалуы керек және әрқашан көңіл бөлінуі керек!!!

Ендеше психологиялық - педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі кеңеске құлақ түріңіз:

1. Таңертең (не түсте) сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үнііз бен күлкіңіз - ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс - керіс ұйымдастырмаңыз.
2. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
3. Баланы сабаққа (әсіресе таңертең) ашқұрсақ жібермеңіз;
4. «Бұзық болма!», «Қисаландамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсаң құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік білдіріңіз;
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірденені айтпақшы болса, «сені тындауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;

6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндеменіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі - ақ айтады;
7. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2 - 3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі - сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
8. Бір мезгілді барлық сабаққа әзірленуін талап етпеңіз. Әр сабаққа әзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;
9. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлеменіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
10. «Егер, сен, осы сабақты орындамасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
11. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін - еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
12. Балаңыздың көңіл - күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.
13. Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.

ВИДЕОҒА НАЗАР АУДАРУ

ПОСТЕР ҚОРҒАУ

ТРЕНИНГ ОҚУ

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша!

Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі гүл! Түрлі- түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің исін иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, ата- аналар арнайы берілген түрлі –түсті гүлге, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой- пікірлерін айтады.

ГҮЛДЕРМЕН ЖҰМЫС. Гүлдің күлтешелеріне балаларына тілейтін жақсы тілек жазу

«Кедергіден өту» тренинг

Пазл құрау, талдау

«Өсірмейтін тыйымдар» әдісі

Ермексаздан жүре пішінін жасау. Әртүрлі пішіндер пайда болады. Тәрбие тал бесіктен басталады. Әр отбасыда тәрбие әртүрлі беріледі. Сіздер өздеріңіз жасаған жүрек пішіні секілді. Біз осы жүректерді қазір ғана басқа кез келген пішінге өзгерте аламыз. Сол сияқты балада жас күнінде тәрбиеге тез көнеді. Біз бұл пішіндерді кеткеннен кейін өзгерте алмаймыз. Өсіп-жетілген ересек баланы да қайта тәрбиелей алмаймыз. Тәрбиеден кеш қалмайық.

Қорытындылау. Ата-аналардан кері байланыс

